

Қымбат металдар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 30 тамыз 1994 ж. N 346-ө

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасына түскен өнімдердің сапасын талдауға қажетті қымбат металдардың қалыпты үлгісімен қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасынан Қазақстан Республикасына дайын өнімді міндетті түрде қайтарылатын етіп 2598,4 грамм таза алтынды Екатеринбург түсті металдар өңдеу зауытына берме шартымен қымбат металдардың қалыпты үлгісінде дайындау үшін Ресей Федерациясына жөнелтуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің Мемлекеттік құндылықтар қоймасына 2598,4 грамм таза алтын жөнелтуге лицензия берсін.

Премьер-министр